



NAZARBAYEV
UNIVERSITY

**«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының клиникалық
стипендия бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен
рәсімдеріне өзгерістер**

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 11.02.2025

Күшіне енген күні: 11.02.2025

Қолжетімділік деңгейі: Ашық
қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 2.8 SMED

Бекітуші орган: Басқарушы кеңес

Тіркеу нөмірі: 11.02.25

Иесі: Медицина мектебі

Қолданылуы: НУ және НУ талапкерлері

Қайта қарау № 1

Қайта қарау түрі: Елеулі қайта қарау

Негізгі ІНҚ бекітілген күні: 24.01.2023

Негізгі ІНҚ күшіне енген күні: 24.01.2023

Бекітуші орган: Басқарушы кеңес

Тіркеу нөмірі: 24.01.23



Басқарушы кеңестің 2023 жылғы 24 қаңтардағы № 24.01.23 шешімімен бекітілген «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының клиникалық стипендиялар бағдарламаларына оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдеріне (бұдан әрі - Қағидалар мен рәсімдер) төмендегі өзгерістер енгізілсін:

1. Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.5-тармағының 1) тармақшасы төмендегі редакцияда жазылсын:

«1) IELTS тесті бойынша жалпы балл 6,0 немесе одан жоғары (әр бөлімде 5,5-тен төмен аралық бағаларсыз) немесе ETS веб-сайтында көрсетілген TOEFL бойынша баламалы балл; алайда, егер ағылшын тілін меңгерудің қажетті деңгейін қоспағанда, өтініш беруші барлық қабылдау талаптарын орындаған болса, ағылшын тіліне қойылатын талаптарға байланысты шартты рұқсат берілуі мүмкін. Өтініш берген кезде үміткер IELTS тестінің жалпы балын 5,5-ке тең немесе ETS веб-сайтында жарияланған TOEFL балына баламалы балды көрсетуі тиіс. Қабылдау сәтінен бастап күнтізбелік бір жылдың ішінде тиісті балы бар IELTS (IELTS тесті бойынша жалпы балл 6,0-ге тең, 5,5-тен төмен аралық бағаларсыз) тапсырылуы тиіс.».